

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 13 шілдедегі № 103 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2026 жылғы 3 ақпандағы № 14 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **пешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы электрондық құжат айналымын (оның ішінде сенім білдірілген үшінші тарап сервистерін пайдалана отырып) қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2022 жылғы 13 шілдедегі № 103 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы

Б. Сағынтаев

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2026 жылғы 3 ақпандағы
№ 14 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 13 шілдедегі № 103 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Көрсетілген Шешіммен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы электрондық құжат айналымын (оның ішінде сенім білдірілген үшінші тарап сервистерін пайдалана отырып) қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2022 жылғы 13 шілдедегі
№ 103 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
(Еуразиялық экономикалық

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы электрондық құжат айналымын (оның ішінде сенім білдірілген үшінші тарап сервистерін пайдалана отырып) қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығын құрайтын мынадай халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (бұдан әрі – Шарт);

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде сервистер мен заңды күші бар электрондық құжаттарды пайдалану тұжырымдамасы туралы" 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 73 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестердің сыртқы және өзара саудасын интеграцияланған ақпараттық жүйе құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 06 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесі туралы" 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы электрондық құжат айналымын іске асыру жөніндегі пилоттық жобаны ұйымдастыру туралы" 2016 жылғы 1 қарашадағы № 138 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар осы жалпы процесс шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы электрондық құжат айналымын (оның ішінде сенім білдірілген үшінші тарап сервистерін пайдалана отырып) қамтамасыз ету" жалпы процесіне (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберінде рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процесті іске асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"сәйкестендіру мәліметтері" – қызметтік хат жазысу барысында оны сөзсіз сәйкестендіруге мүмкіндік беретін қызметтік хат деректемелерінің жиынтығы;

"қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат – қызметтік хатты алушы қалыптастыратын, оны тіркеу және қарау мәртебесі туралы, сондай-ақ қызметтік хаттың жауапты орындаушысы және жауап ретінде жіберілген қызметтік хат туралы ақпарат;

"жөнелтуші" – қызметтік хатты жіберетін (оның атынан жіберілетін) жалпы процеске қатысушы;

"алушы" – қызметтік хат жолданатын жалпы процеске қатысушы;

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процестің қатысушысы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 09 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау,

онтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "қызметтік хат жазысу", "қызметтік хат" ұғымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 1 қарашадағы № 138 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының өзара және Еуразиялық экономикалық комиссиямен электрондық түрде қызметтік хат жазысуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының тізілімі" (бұдан әрі – НАА тізілімі) ұғымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесі туралы" 2015 жылғы 17 қарашадағы №155 шешімінде айқындалған мағынада қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы электрондық құжат айналымын (оның ішінде сенім білдірілген үшінші тарап сервистерін пайдалана отырып) қамтамасыз ету".

6. Жалпы процестің кодтық белгіленуі: P.ED.01, 1.1.0-нұсқа

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаты Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) пайдалана отырып, жалпы процеске қатысушылар арасында мемлекетаралық қызметтік хаттар алмасуды электрондық түрде іске асыру есебінен қызметтік хат жазысу кезінде уақыт пен материалдық шығындарды азайту болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) қызметтік хат жазысуға қатысушылардың қызметтік хаттарды жіберу және алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

б) қызметтік хат жазысуға қатысушылар арасында қызметтік хаттарды тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратпен жедел алмасуды қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ED.01.ACT.001	жөнелтуші	Комиссия, мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органы не ол уәкілеттік берген ұйым, мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органының не ол уәкілеттік берген ұйымның қызметтік хаттарды дайындауды, тіркеуді және жөнелтуді жүзеге асыратын, сондай-ақ оларды тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат сұрататын лауазымды адамы
P.ED.01.ACT.002	алушы	Комиссия, мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органы не ол уәкілеттік берген ұйым, мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органының не ол уәкілеттік берген ұйымның жөнелтушіден алынған қызметтік хаттарды қабылдауды, тіркеуді және өңдеуді, одан алынған қызметтік хаттарды тіркеу және қарау нәтижелері бар хабарламаларды, сондай-ақ жөнелтушінің қызметтік хаттарды тіркеу және қарау барысы туралы сұрауларына жауаптарды қалыптастыруды және жөнелтушіге жіберуді жүзеге асыратын лауазымды адамы

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс:

- а) қызметтік хатты жіберу;
- б) алынған қызметтік хатты тіркеу нәтижелері бар хабарлама жіберу;
- в) қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты алу;
- г) қызметтік хаттың қаралу барысы туралы хабарлау рәсімдерінің жиынтығын білдіреді.

11. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде жөнелтуші мен алушы арасында ақпараттық өзара іс-қимыл жүзеге асырылады.

Жөнелтуші қызметтік хаттарды дайындауды, тіркеуді және алушыға жіберуді жүзеге асырады, ол өз кезегінде алынған қызметтік хаттарды қабылдайды, тіркейді және өңдейді.

Қызметтік хатты тексеру және тіркеу рәсімдері сәтті орындалған жағдайда алушы жөнелтушіге қызметтік хаттың тіркелген күні мен кіріс нөмірі бар қызметтік хатты тіркеу туралы хабарлама жібереді.


Тексеру рәсімдері сәтсіз орындалған және қызметтік хатты тіркеуден бас тартылған жағдайда, алушы жөнелтушіге тіркеуден бас тарту туралы негіздемесі бар хабарлама жібереді.

Жіберуші қажет болған жағдайда қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратқа сұрау салу жібереді.

Алушы жіберушіні тіркеу нәтижелері туралы, сондай-ақ өзі алған қызметтік хаттарды қарау барысы мен қорытындылары туралы бастамашылық хабардар етуді жүзеге асыра алады.

Қызметтік хатты, сондай-ақ қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты жөнелту Комиссия Алқасының 2022 жылғы 13 шілдедегі № 103 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы электрондық құжат айналымын (оның ішінде сенім білдірілген үшінші тарап сервистерін пайдалана отырып) қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезінде электрондық құжат айналымына қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын ақпараттың форматы мен құрылымы Комиссия Алқасының 2022 жылғы 13 шілдедегі № 103 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы электрондық құжат айналымын (оның ішінде сенім білдірілген үшінші тарап сервистерін пайдалана отырып) қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Бөлімде жалпы процесс рәсімдері мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML графикалық нотациясы (бірыңғай модельдеу тілі – Unified Modeling Language) пайдаланыла отырып құрылған және мәтіндік сипаттамамен жабдықталған.

4. Жалпы процестің рәсімдері

15. Жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ED.01.PRC.001	қызметтік хатты жіберу	рәсім қызметтік хатты алушыға жіберуге арналған
P.ED.01.PRC.002	алынған қызметтік хатты тіркеу нәтижелері бар хабарлама жіберу	рәсім алушының қызметтік хатты тіркеу нәтижелері бар хабарламаны жөнелтушіге жіберуіне арналған

P.ED.01.PRC.003	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат алу	рәсім жіберушінің сұрау салу бойынша қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты алуына арналған
P.ED.01.PRC.004	қызметтік хаттың қаралу барысы туралы хабарлау	рәсім жөнелтушіге алушының бастамасы бойынша қызметтік хаттың қаралу барысы туралы мәліметтерді беруге арналған

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

16. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде олар туралы мәліметтер немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ED.01.BEN.001	қызметтік хат	қызметтік сипаттағы, белгіленген тәртіппен ресімделген және тиісті сұрау салуға жауап ретінде немесе бастамашылық тәртіппен дайындалған электрондық түрдегі құжат (электрондық құжат) (нұсқаулық, кепілдік беру, ақпараттық хаттар, сұрау салу хаттары, хабарлама хаттар, шақыру хаттар, жауап хаттар және т. б.)
P.ED.01.BEN.002	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат	қызметтік хатты тіркеу және қарау мәртебесі және жауапты орындаушы туралы, сондай-ақ жауап ретінде жіберілген қызметтік хат туралы мәліметтер

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

17. Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды адамдары мен қызметкерлерін мәліметтерді берудің уақтылығы мен толықтығын қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақтың құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге, ал мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін – мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалары мен сыныптауыштары

18. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі


Кодтық белгіленуі	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.008	байланыс құралдары (арналары) түрлерінің тізбесі	анықтамалық	байланыс құралдары (арналары) түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін (Комиссия Алқасының 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 192 шешіміне сәйкес қолданылады), "1041" НАА тізіліміндегі анықтамалықтың кодын қамтиды
P.ED.01.CLS.001	қызметтік хатты орындаудың жеделдігі туралы белгілер тізбесі	анықтамалық	қызметтік хатты орындаудың жеделдігі туралы белгілердің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Комиссияның 2016 жылғы 1 қарашадағы № 138 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.ED.01.CLS.002	қызметтік хаттың құпиялылығы туралы белгілердің тізбесі	анықтамалық	қызметтік хаттың құпиялылығы туралы белгілердің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.ED.01.CLS.003	қызметтік хатты тіркеу және қарау мәртебелерінің тізбесі	анықтамалық	қызметтік хатты тіркеу және қарау мәртебелерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Комиссияның 2016 жылғы 1 қарашадағы № 138 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.ED.01.CLS.004		анықтамалық	қызметтік хатты тіркеуден бас тарту себептерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Комиссияның

	қызметтік хатты тіркеуден бас тарту себептерінің тізбесі		2016 жылғы 1 қарашадағы № 138 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.ED.01.CLS.005	қызметтік хат жазысуға қатысушылар туралы анықтамалық ақпарат тізілімі	анықтамалық	қызметтік хат жазысуға қатысушылар туралы олардың дәл атаулары мен сәйкестендіргіштері көрсетілген ақпаратты қамтиды
P.ED.01.CLS.006	файл типтерінің тізбесі	анықтамалық	ықтимал файл типтерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Комиссияның 2016 жылғы 1 қарашадағы № 138 шешіміне сәйкес қолданылады)

VIII. Жалпы процестің рәсімдері

"Қызметтік хатты жөнелту" (P.ED.01.PRC.001) рәсімі

19. "Қызметтік хатты жөнелту" (P.ED.01.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. "Қызметтік хатты жөнелту" (P.ED.01.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

20. "Қызметтік хатты жіберу" (P.ED.01.PRC.001) рәсімі қызметтік хатты алушыға жөнелту және жеткізу мақсатында орындалады.

21. Бірінші болып "Қызметтік хатты жіберу" (P.ED.01.OPR.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша жөнелтуші алушыға қызметтік хат жібереді.

22. Алушы қызметтік хатты алған кезде "Қызметтік хатты қабылдау және өңдеу" (P.ED.01.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша жөнелтушіге қызметтік хатты өңдеу нәтижелері туралы хабарлама беріледі.

23. Жөнелтуші қызметтік хатты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде "Қызметтік хатты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.ED.01.OPR.003) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

24. "Қызметтік хатты жіберу" (P.ED.01.PRC.001) рәсімін орындау нәтижесі алушының қызметтік хатты алуы, сондай-ақ жөнелтушінің қызметтік хатты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алуы болып табылады.

25. "Қызметтік хатты жіберу" (P.ED.01.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

"Қызметтік хатты жіберу" (P.ED.01.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ED.01.OPR.001	қызметтік хатты жіберу	осы Қағидалардың 6-кестесінде келтірілген
P.ED.01.OPR.002	қызметтік хатты қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 7-кестесінде келтірілген
P.ED.01.OPR.003	қызметтік хатты өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген

6-кесте

"Қызметтік хатты жіберу" (P.ED.01.OPR.001) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.ED.01.OPR.001
2	Операцияның атауы	қызметтік хатты жіберу
3	Орындаушы	жөнелтуші

4	Орындау шарттары	қызметтік хатты алушыға жіберу және жеткізу қажет болған жағдайда орындалады
5	Шектеулер	жіберілетін мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес қызметтік хатты қалыптастырады және алушыға жібереді
7	Нәтижелер	қызметтік хат алушыға жіберілді

7-кесте

"Қызметтік хатты қабылдау және өңдеу" (P.ED.01.OPR.002) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.ED.01.OPR.002
2	Операцияның атауы	қызметтік хатты қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	алушы
4	Орындау шарттары	қызметтік хатты алу кезінде орындалады ("Қызметтік хатты жөнелту" (P.ED.01.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	алынған мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс қимыл регламентіне сәйкес қызметтік хатты қабылдайды және оны тексереді. Тексеру сәтті орындалған кезде орындаушы алынған мәліметтерді өңдейді және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді өңдеуге сәйкес келетін өңдеу нәтижесінің кодын немесе себебін түсіндіре отырып, мәліметтерді өңдеудің мүмкін еместігін көрсете отырып,

		мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы жөнелтушіні хабардар етеді
7	Нәтижелер	өңдеу нәтижелері туралы хабарлама жөнелтушіге жіберілді


8-кесте

"Қызметтік хатты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.ED.01.OPR.003) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.ED.01.OPR.003
2	Операцияның атауы	қызметтік хатты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	жөнелтуші
4	Орындау шарттары	қызметтік хатты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алған кезден бастап орындалады ("Қызметтік хатты қабылдау және өңдеу" (P.ED.01.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	алынған мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	жөнелтуші өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алады және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес өңдейді
7	Нәтижелер	өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны жөнелтуші қабылдады және өңдеді

"Алынған қызметтік хатты тіркеу нәтижелері бар хабарлама жіберу" (P.ED.01.PRC.002) рәсімі

26. "Алынған қызметтік хатты тіркеу нәтижелері бар хабарлама жіберу" (P.ED.01.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. "Алынған қызметтік хатты тіркеу нәтижелері бар хабарлама жіберу" (P.ED.01.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

27. "Алынған қызметтік хатты тіркеу нәтижелері бар хабарлама жіберу" (P.ED.01.PRC.002) рәсімі алушы келіп түскен қызметтік хатты тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде орындалады.

28. Бірінші болып "Қызметтік хатты тіркеу нәтижелері туралы хабарламаны беру" (P.ED.01.OPR.004) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша алушы қызметтік хатты тіркеу нәтижелері туралы ақпаратты жөнелтушіге жібереді.

29. Жөнелтуші қызметтік хатты тіркеу нәтижелері бар хабарламаны алған кезде "Қызметтік хатты тіркеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу" (P.ED.01.OPR.005) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша жөнелтуші қызметтік хатты тіркеу нәтижелері туралы ақпаратты алады және өңдейді.

30. Алушы қызметтік хатты тіркеу нәтижелерін өңдеу туралы хабарламаны алған кезде "Қызметтік хатты тіркеу нәтижелерін өңдеу туралы хабарлама алу" (P.ED.01.PRC.006) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша алушы алынған хабарламаны өңдеуді орындайды.

31. "Алынған қызметтік хатты тіркеу нәтижелері бар хабарлама жіберу" (P.ED.01.PRC.002) рәсімін орындау нәтижесі жөнелтушінің қызметтік хатты тіркеу нәтижелері бар хабарламаны алуы болып табылады.

32. "Алынған қызметтік хатты тіркеу нәтижелері бар хабарлама жіберу" (P.ED.01.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 9-кестеде келтірілген.

9-кесте

**"Алынған қызметтік хатты тіркеу нәтижелері бар хабарлама жіберу" (P.ED.01.PRC.002)
рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ED.01.OPR.004	қызметтік хатты тіркеу нәтижелері туралы хабарламаны беру	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген
P.ED.01.OPR.005	қызметтік хатты тіркеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген
P.ED.01.OPR.006	қызметтік хатты тіркеу нәтижелерін өңдеу туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген

10-кесте

**"Қызметтік хатты тіркеу нәтижелері туралы хабарламаны беру" (P.ED.01.OPR.004)
операциясының сипаттамасы**

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.ED.01.OPR.004
2	Операцияның атауы	қызметтік хатты тіркеу нәтижелері туралы хабарламаны беру
3	Орындаушы	алушы
4	Орындау шарттары	алушы қызметтік хатты тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде орындалады
5	Шектеулер	берілетін мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	алушы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес қызметтік хатты тіркеу нәтижелері бар хабарламаны қалыптастырады және жөнелтушіге береді
7	Нәтижелер	қызметтік хатты тіркеу нәтижелері туралы мәліметтер жөнелтушіге жіберілді

11-кесте

"Қызметтік хатты тіркеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу" (P.ED.01. OPR.005) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.ED.01.OPR.005
2	Операцияның атауы	қызметтік хатты тіркеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	жөнелтуші
4	Орындау шарттары	қызметтік хатты тіркеу нәтижелерін алған кезде орындалады ("қызметтік хатты тіркеу нәтижелері бар хабарламаны беру" (P.AT.02.OPR.004) операциясы)
5	Шектеулер	берілетін мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы тіркеу нәтижелері туралы мәліметтерді қабылдайды және оларды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді. Тексеру сәтті орындалған жағдайда орындаушы алынған мәліметтерді өңдеуді жүзеге асырады және алушыны мәліметтерді өңдеуге сәйкес келетін өңдеу нәтижесінің кодын көрсете отырып, мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы немесе Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес себебін түсіндіре отырып, мәліметтерді өңдеудің мүмкін еместігі туралы хабардар етеді
7	Нәтижелер	қызметтік хатты тіркеу нәтижелері туралы мәліметтер өңделді, өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алушыға жіберілді


12-кесте

"Қызметтік хатты тіркеу нәтижелерін өңдеу туралы хабарлама алу" (P.ED.01.OPR.006) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.ED.01.OPR.006
2	Операцияның атауы	қызметтік хатты тіркеу нәтижелерін өңдеу туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	алушы
4	Орындау шарттары	қызметтік хатты тіркеу нәтижелерін өңдеу туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Қызметтік хатты тіркеу нәтижелерін қабылдау және өңдеу" (P.ED.01.OPR.005) операциясы)
5	Шектеулер	берілетін мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	алушы тіркеу нәтижелерін өңдеу туралы хабарламаны қабылдайды және оны Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес өңдейді
7	Нәтижелер	қызметтік хатты тіркеу нәтижелерін өңдеу туралы хабарлама алынды

"Қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат алу" (P.ED.01.PRC.003) рәсімі

33. "Қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат алу" (P.ED.01.PRC.003) рәсімін орындау схемасы 4-суретте көрсетілген.



4-сурет. "Қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат алу" (P.ED.01.PRC.003) рәсімін орындау схемасы

34. "Қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат алу" рәсімін (P.ED.01.PRC.003) жөнелтуші тіркеу барысы және қызметтік хатты қарау туралы ақпарат алу қажет болған кезде орындайды.

35. Бірінші болып "Қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.ED.01.OPR.007) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша жөнелтуші алушыға қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат беруге сұрау салу жібереді.

36. Қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат беруге сұрау салуды алған кезде "Сұрау салуды өңдеу және қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат беру" (P.ED.01.OPR.008) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша алушы қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты немесе ондай ақпараттың жоқтығы туралы мәліметтерді жөнелтушіге жібереді.

37. Қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты алған кезде "Қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.ED.01.PRC.009) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша жөнелтуші алушыдан қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты немесе ондай ақпараттың жоқтығы туралы мәліметтерді алады.

38. "Қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат алу" (P.ED.01.PRC.003) рәсімінің орындалу нәтижесі жөнелтушінің қызметтік хатты тіркеу және қарау

барысы туралы ақпаратты немесе ондай ақпараттың жоқтығы туралы мәліметтерді алуы болып табылады.

39. "Қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат алу" (P.ED.01.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 13-кестеде келтірілген.

13-кесте

"Қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат алу" (P.ED.01.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ED.01.OPR.007	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат сұрату	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.ED.01.OPR.008	сұрау салуды өңдеу және қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат беру	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген
P.ED.01.OPR.009	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 16-кестесінде келтірілген

14-кесте

"Қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат сұрату" (P.ED.01.OPR.007) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.ED.01.OPR.007
2	Операцияның атауы	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат сұрату
3	Орындаушы	жөнелтуші
4	Орындау шарттары	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат алу қажет болған жағдайда орындалады
5	Шектеулер	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты сұрату форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
		орындаушы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес қызметтік хатты тіркеу және қарау

6	Операцияның сипаттамасы	барысы туралы ақпаратқа сұрау салуды қалыптастырады және алушыға жібереді
7	Нәтижелер	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат алуға сұрау салу алушыға жіберілді

15-кесте

"Сұрау салуды өңдеу және қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат беру" (P.ED.01.OPR.008) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.ED.01.OPR.008
2	Операцияның атауы	сұрау салуды өңдеу және қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат беру
3	Орындаушы	алушы
4	Орындау шарттары	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат беруге сұрау салу келіп түскен кезде орындалады ("Қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратқа сұру салу" (P.ED.01.OPR.007) операциясы)
5	Шектеулер	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы сұрау салудың және ұсынылатын ақпараттың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алынған сұрау салуды тексеруді орындайды. Тексеру сәтті орындалған жағдайда алушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратпен немесе сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын осындай ақпараттың жоқтығы туралы мәліметтермен, ақпараттың болмауына сәйкес тіркеу және қарау мәртебесінің кодымен сұрау салуға жауап жібереді

7	Нәтижелер	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат немесе сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын ақпараттың жоқтығы туралы хабарлама жөнелтушіге ұсынылды
---	-----------	--


16-кесте

"Қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.ED.01.OPR.009) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.ED.01.OPR.009
2	Операцияның атауы	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	жөнелтуші
4	Орындау шарттары	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты немесе ақпараттың жоқтығы туралы хабарламаны ұсынған кезде орындалады ("Сұрау салуды өңдеу және қызметтік хатты қарауды тіркеу барысы туралы ақпаратты ұсыну" (P.ED.01.OPR.008) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын ақпараттың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес қызметтік хатты немесе ақпараттың жоқтығы туралы хабарламаны тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты қабылдайды және өңдейді
7	Нәтижелер	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат немесе ақпараттың жоқтығы туралы хабарлама алынды

"Қызметтік хаттың қаралу барысы туралы хабарлау" (P.ED.01.PRC.004) рәсімі

40. "Қызметтік хаттың қаралу барысы туралы хабарлау" (P.ED.01.PRC.004) рәсімін орындау схемасы 5-суретте көрсетілген.



5-сурет. "Қызметтік хаттың қаралу барысы туралы хабарлау" (P.ED.01.PRC.004) рәсімін орындау схемасы

41. "Қызметтік хатты қарау барысы туралы хабарлау" (P.ED.01.PRC.004) рәсімін алушы қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат өзгерген кезде бастамашылық тәртіппен орындайды.

42. Бірінші болып "Қызметтік хатты қарау барысы туралы хабарлау" (P.ED.01.OPR.010) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша алушы қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты қалыптастырады және жөнелтушіге береді.

43. Жөнелтушіге қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпараттың өзгергені туралы хабарлама келіп түскен кезде "Қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.ED.01.OPR.011) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша жөнелтуші қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты алады.

44. "Қызметтік хаттың қаралу барысы туралы хабарлау" (P.ED.01.PRC.004) рәсімінің орындалу нәтижесі жөнелтушінің қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты алуы болып табылады.

45. "Қызметтік хаттың қаралу барысы туралы хабарлау" (P.ED.01.PRC.004) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 17-кестеде келтірілген.

17-кесте

"Қызметтік хаттың қаралу барысы туралы хабарлау" (P.ED.01.PRC.004) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ED.01.OPR.010	қызметтік хатты қарау барысы туралы хабарландыруды жіберу	осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген
P.ED.01.OPR.011	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген

18-кесте

"Направление оповещения о ходе рассмотрения служебного письма" (P.ED.01.OPR.010) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.ED.01.OPR.010
2	Операцияның атауы	қызметтік хатты қарау барысы туралы хабарландыруды жіберу
3	Орындаушы	алушы
4	Орындау шарттары	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат өзгерген кезде орындалады
5	Шектеулер	берілетін мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы өзгертілген ақпаратты жібереді
7	Нәтижелер	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат жіберілді

19-кесте

"Қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.ED.01.OPR.011) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3

1	Кодтық белгіленуі	P.ED.01.OPR.011
2	Операцияның атауы	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	жөнелтуші
4	Орындау шарттары	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат алынған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратты қабылдайды және өңдейді
7	Нәтижелер	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат қабылданды және өңделді

IX. Штаттан тыс жағдайлардағы іс-қимыл тәртібі

46. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде деректерді өңдеуді әдеттегідей жүргізу мүмкін болмайтын ерекше жағдайлар орын алуы мүмкін. Бұл техникалық іркілістер, құрылымдық және форматтық-логикалық бақылау қателері туындаған кезде және өзге жағдайларда болуы мүмкін.

47. Құрылымдық және форматтық-логикалық бақылау қателері туындаған жағдайда, мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органы не Комиссия қате туралы хабарлама алынған хабардың Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес электрондық құжаттар мен мәліметтерді толтыруға қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады. Мәліметтердің көрсетілген құжаттардың талаптарына сәйкессіздігі анықталған жағдайда, мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органы белгіленген тәртіпке сәйкес анықталған қатені жою үшін қажетті шараларды қабылдайды.

48. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы үздіксіз электрондық құжат айналымын қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттер бір-бірін және Комиссияны осы Қағидаларда көзделген талаптарды орындау құзыретіне жататын мүше мемлекеттердің

мемлекеттік билік органдары туралы хабардар етеді, сондай-ақ жалпы процесті іске асыру кезінде техникалық қолдауды қамтамасыз етуге жауапты адамдар мен ұйымдар және олармен байланыс әдістері туралы мәліметтерді ұсынады."

2. Көрсетілген Шешіммен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы электрондық құжат айналымын (оның ішінде сенім білдірілген үшінші тарап сервистерін пайдалана отырып) қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі электрондық құжат айналымына қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2022 жылғы 13 шілдедегі
№ 103 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
(Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2026 жылғы 3 ақпандағы
№ 14 шешімі редакциясында)

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы электрондық құжат айналымын (оның ішінде сенім білдірілген үшінші тарап сервистерін пайдалана отырып) қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі электрондық құжат айналымына қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл РЕГЛАМЕНТІ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Регламент Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығын құрайтын мынадай халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде сервистер мен заңды күші бар электрондық құжаттарды пайдалану тұжырымдамасы туралы" 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 73 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестердің сыртқы және өзара саудасын интеграцияланған ақпараттық жүйе құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 06 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесі туралы" 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы электрондық құжат айналымын іске асыру жөніндегі пилоттық жобаны ұйымдастыру туралы" 2016 жылғы 1 қарашадағы № 138 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Регламент жалпы процеске қатысушылардың "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы электрондық құжат айналымын (оның ішінде сенім білдірілген үшінші тараптың сервистерін пайдалана отырып) қамтамасыз ету" жалпы процесінің (бұдан әрі – жалпы процесс) транзакцияларын орындау тәртібі мен шарттарын бірыңғай қолдануын қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

3. Осы Регламент жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруға тікелей бағытталған жалпы процесс операцияларын орындау тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды айқындайды.

4. Осы Регламентті жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберінде рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ осы жалпы процесті іске асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

5. Осы Регламенттің мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"авторландыру" – жалпы процестің белгілі бір қатысушысына белгілі бір әрекеттерді орындау құқығын беру;

"электрондық құжат (мәліметтер) деректемесі" – белгілі бір тұрғыда ажырамайтын болып есептелетін электрондық құжат (мәліметтер) деректерінің бірлігі.

Осы Регламентте пайдаланылатын "бастамашы", "бастамашылық операция", "қабылдаушы операция", "респондент", "жалпы процесс хабары" және "жалпы процесс транзакциясы" ұғымдары Еуразиялық экономикалық комиссияның 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Регламентте пайдаланылатын өзге де ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 13 шілдедегі № 103 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен жалпы процесті іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларының (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары) 4-тармағында айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл туралы негізгі мәліметтер

1. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар

6. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар рөлдерінің тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар рөлдерінің тізбесі


Рөлдің атауы	Рөлдің сипаттамасы	Рөлді орындайтын қатысушы
1	2	3
Жөнелтуші	қызметтік хаттарды дайындауды, тіркеуді және жөнелтуді және оларды тіркеу нәтижелері туралы хабарламаларды өңдеуді жүзеге асырады. Қызметтік хаттарды тіркеу және қарау барысы туралы ақпаратқа сұрау салуларды жолдайды және алушыдан тиісті ақпаратты қабылдайды	жөнелтуші (P.ED.01.ACT.001)
	алынған материалдарды қабылдауды, тіркеуді және өңдеуді, сондай-ақ оларды тіркеу	

Алушы	нәтижелері бар хабарламаларды қалыптастыру және жөнелтушіге жолдауды және жөнелтушінің қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы сұрау салуына жауап беруді жүзеге асырады. Жөнелтушіге қызметтік хаттың қаралу барысы туралы хабарлайды	алушы (P.ED.01.ACT.002)
-------	--	-------------------------

2. Ақпараттық өзара іс-қимылдың құрылымы

7. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл Одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары немесе олар уәкілеттік берген ұйымдар арасында, сондай-ақ Одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары немесе олар уәкілеттік берген ұйымдар мен Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) арасында "Мемлекетаралық электрондық құжат айналымын қамтамасыз ету кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл" жалпы процесінің рәсіміне сәйкес жүзеге асырылады.

Мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары не олар уәкілеттік берген ұйымдар мен комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың құрылымы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары не олар уәкілеттік берген ұйымдар мен комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың құрылымы

8. Мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары не олар уәкілеттік берген ұйымдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жалпы процесс шеңберінде іске асырылады. Жалпы процестің құрылымы Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларында анықталған.

9. Ақпараттық өзара іс-қимыл жалпы процестің қатысушылары арасында жалпы процестің ақпараттық объектісінің жай-күйлерін үндестіру мақсатында хабарлар алмасу болып табылатын жалпы процестің транзакцияларын орындау тәртібін айқындайды. Әрбір ақпараттық өзара іс-қимыл үшін операциялар мен осындай операцияларға сәйкес жалпы процесс транзакциялары арасындағы қатынастар айқындалады.

10. Жалпы процесс транзакциясын орындау кезінде бастамашы өзі жүзеге асыратын операция (бастамашы операция) шеңберінде респондентке сұрау-хабар жібереді, оған жауап ретінде респондент өзі жүзеге асыратын операция (қабылдаушы операция) шеңберінде жалпы процесс транзакциясының шаблонына байланысты жауап-хабар жіберуі немесе жібермеуі мүмкін. Хабар құрамындағы деректердің құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 13 шілдедегі № 103 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен жалпы процесті іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

11. Жалпы процестің транзакциялары осы Регламентте анықталғандай жалпы процесс транзакцияларының берілген параметрлеріне сәйкес орындалады.


12. Жалпы процеске бірнеше қатысушы бір рөл атқара алатын жағдайларда хабарламаларды маршруттау рәсімдерін орындау мақсатында жалпы процеске қатысушының логикалық мекенжайын қалыптастыру кезінде Комиссия Алқасының 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімімен бекітілген Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларының 52-тармағына сәйкес мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органының не ол уәкілеттік берген ұйымның сәйкестендіргіші қосымша көрсетіледі.

Мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органының не ол уәкілеттік берген ұйымның сәйкестендіргіші Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларының VII бөлімінде көрсетілген қызметтік хат жазысуға қатысушылар туралы анықтамалық ақпараттың тізіліміне сәйкес көрсетіледі.

V. Рәсімдер топтары шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл

1. Мемлекетаралық электрондық құжат айналымын қамтамасыз ету кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл

13. Мемлекетаралық электрондық құжат айналымын қамтамасыз ету кезіндегі жалпы процесс транзакцияларын орындау схемасы 2-суретте көрсетілген. Жалпы процестің әр рәсімі үшін 2-кестеде операциялар, жалпы процестің ақпараттық объектілерінің аралық және нәтижелік жай-күйлері мен жалпы процесс транзакциялары арасындағы байланыс көрсетілген.



2-сурет. Мемлекетаралық электрондық құжат айналымын қамтамасыз ету кезіндегі жалпы процесс транзакцияларын орындау схемасы

2-кесте

Мемлекетаралық электрондық құжат айналымын қамтамасыз ету кезіндегі жалпы процесс транзакцияларының тізбесі

Р/с №	Бастамашы орындайтын операция	Жалпы процестің ақпараттық объектісінің аралық жай-күйі	Респондент орындайтын операция	Жалпы процестің ақпараттық объектісінің нәтижелік жай-күйі	Жалпы процесс транзакциясы
1	2	3	4	5	6
1	Қызметтік хатты жөнелту (P.ED.01.PRC.001)				
1.1	Қызметтік хатты жөнелту (P.ED.01.OPR.001). Қызметтік хатты өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алу (P.ED.01.OPR.003)	қызметтік хат (P.ED.01.BEN.001): алынды	қызметтік хатты қабылдау және өңдеу (P.ED.01.OPR.002)	қызметтік хат (P.ED.01.BEN.001): тіркеуді күтуде	қызметтік хатты жөнелту (P.ED.01.TRN.001)
2	Алынған қызметтік хатты тіркеу нәтижелерімен хабарлама жіберу (P.ED.01.PRC.002)				
2.1	Қызметтік хатты тіркеу нәтижелері туралы хабарламаны беру (P.ED.01.OPR.004). Қызметтік хатты тіркеу нәтижелерін өңдеу туралы хабарлама алу (P.ED.01.OPR.006)	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат (P.ED.01.BEN.002): ұсынылды	қызметтік хатты тіркеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу (P.ED.01.OPR.005)	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат (P.ED.01.BEN.002): өңделді	алынған қызметтік хатты тіркеу нәтижелері бар хабарлама жіберу (P.ED.01.TRN.002)
3	Қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат алу (P.ED.01.PRC.003)				
	Қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы	қызметтік хатты тіркеу және	сұрауды өңдеу және қызметтік	қызметтік хатты тіркеу және қарау барысы туралы ақпарат (	

